

Жусупбекова З.Д., Кударина А.С.,

Аманжол Г.Е., Муханжанова А.А., Талипова А.Е.

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

ӘУЕН ТЕРАПИЯСЫНЫҢ ПСИХИКАЛЫҚ ДАМУЫ ТЕЖЕЛГЕН БАЛАЛАРДЫҢ ДЕНСАУЛЫҒЫНА ТИГІЗЕТІН ӘСЕРІ

Ежелден бері музыкалық дыбыстар мен ритм адамның эмоциялық, психикалық тіпті физикалық күйіне күшті әсер ететіні мәлім болған. Өнердегі ең керемет дүниенің, музыкалық-терапевтикалық құралдың ғылыми зерттеулер нысанына айналуы ХІХ ғасырда ғана басталды. Жаңа ғылыми зерттеу аймағы - музыкотерапия пайда болды, оны музыкатану, музыкалық психология, медицина, және коррекциялық педагогикаға да жатқызды.

ХІХ ғасырда француз дәрігері Эскироль алғаш рет музыкотерапевтикалық әдісті психиатриялық емдеу орындарында қолданды және сәтті қолданды деуге әбден болады. Сол ғасырдың соңында музыкалық қабылдау «психикалық көңіл аудару» құралы ретінде қарастырыла бастады. В.М. Бехтерев, И.Р. Тарханов және басқа да дәрігерлердің еңбектерінде музыкалық шығармалардың адамның орталық жүйке жүйесіне, дем алуына, қан айналымына, газ алмасуына оң әсерін тигізетіні жайлы мәліметтер кездеседі. Одан басқа да зерттеушілердің бірі И.М. Догель марштық музыканың бұлшық ет жұмысын ынталандырып, сарбаздарға энергия сыйлайтыны жайлы атап көрсетті. Л.С. Брусиловский және Л.А. Батурина өз еңбектерінде музыканың психикалық және соматикалық аурумен ауыратын адамдарға емдік әсерін сипаттап жазды [1].

Қазіргі таңда клиникалық зерттеулер негізінде музыкалық шығармалардың психикалық қана емес соматикалық ауруларды да емдеудегі спецификалық әсері толық жазылып көрсетілген. Осылайша, мысалы, кейбір симфониялық шығармалардың асқазан сөлінің қышқылын өзгеріске ұшыратып, ас қорыту процесіне оң әсері анықталған. Және де күн сайын дәрі-дәрмек қабылдаумен қатар Моцарт пен Бетховеннің оркестрлік музыкасын тыңдау асқазан жарасы бар адамдардың асқазан-ішек жолдарының жұмысын жақсартатыны дәлелденген [2].

Педагогикалық музыкотерапияны өз алдына жеке ғылым ретінде қарастыру керек. Өйткені оның тәсілдері, әдістері және технологиялары баяғыда қалыптасып, дамуы қалыпты және психикалық дамуы тежелген балалармен жұмыста сәтті қолданылуда. Көптеген педагог-практиктер сабақ мазмұнына музыкалық шығармаларды қосу керектігін, себебі, ол іс жүзінде дені сау, бірақ әлеуметтік, отбасылық және экологиялық себеп-салдарынан гиперактивтілік немесе көтеріңкі агрессияға шалдыққан балалардың психикасына жақсы әсерін тигізеді. Бірақ педагогикалық музыкотерапияның әдістері мен технологиялары коррекциялық педагогика мен ПДТ балалардың музыкалық тәрбиесінің теориясы мен практикасында өз орнын тапты. Коррекциялық музыкотерапияның мазмұны осыдан тұрады.

Педагогикалық музыкотерапия коррекциялық музыкотерапияның бөлігі болып табылады, оның әрқашан пайдаланылуы педагогикалық және психологиялық мақсаты мен дамуында ауытқуы бар балаларды тәрбиелеу міндеттерімен байланысты. Қазіргі қоршаған орта өмірінің әлеуметтік-экономикалық мәселелері, экологиялық жағдайдың нашарлауы, адамгершілік қасиеттің өзгеруі,

жалпы ұлтымыздың, әсіресе, өсіп келе жатқан жас ұрпақ денсаулығының төмендеуіне әкеліп соғады. Барған сайын баланың дамуында шекаралық бұзылыстар кездесуде, оқуына, психофизиологиялық және жоғары психикалық функциялардың дамуына қажетті. Әртүрлі психикалық аурулар мен әлсіз денсаулығы бар мектеп жасындағы балалардың саны артуда. Ақыл-ойы кем және дамуында психикалық аномалиясы бар балалар әлеуметтік бейімделу тұрғысынан елеулі қиындықтар көреді. Олар оқушы ролін қиындықпен меңгереді және өмірде өз орындарын табуға үміттерін жоғалтады.

Педагогикалық музыкатерапияның әдістері коррекциялық мақсатта белсенді және пассивті болып бөлінеді. Пассивті әдісте бала музыкотерапевтикалық сеансты алады, бірақ белсенді қатыспайды. Мысалы, балалар өзеннің сылдырлап ағуын, толқындырдың шашырауы, жаңбырдың жаууының музыкасын тыңдайды. Арнайы таңдалып алынған музыкалық шығармалар ашуды басады, көңіл күйді көтереді, жалпы денсаулыққа оң әсерін тигізеді. Балаларға өздеріне ыңғайлы қалыпта тұруға болады, еңкею және денені созу өте пайдалы. Пассивті музыкотерапевтика техникасында музыка фон екені анық. Терапевтикалық механизмдердің келесі түрлерін ажыратуға болады:

- ПДТ балаларға музыка сенімсіздікті жеңуге және психологиялық қорғаныш береді;
- Музыка тыныштандырады немесе керісінше баланы белсенді қылдырады;
- Музыка стрессті жеңуге көмектеседі;
- Музыка басқа балалармен, мұғаліммен достық қарым-қатынаста болуға, тұлғааралық қатынастардың дамуына септігін тигізеді.

Осылайша, пассивті педагогикалық музыкотерапия технологиялары ПДТ балаларды оңалтудың ажырамас бөлігі болып саналады. Музыкотерапияда белсенді әдістерді қолдануда бала міндетті түрде сауықтыру процесіне қатысады. Олар өлең айтады (вокалотерапия), музыкалық аспаптарда ойнайды, арнайы дайындалған бағдарлама арқылы музыкаға қозғалады. Белсенді педагогикалық музыкотерапия технология арасынан вокалотерапия, логопедиялық ритмика және аспаптарда ойнауды бөліп айтуға болады. Өлең айту (вокалотерапия) музыкатерапияның қол жетімді, әсерлі және белсенді әдісі, ПДТ балалардың дамуына, өкпе мен дауыс аппаратының қатаюына, тік тұруына көмектеседі. Ескеріп қарасақ, өлең айту, есте сақтау, ритмді сезіну сияқты қабілеттерді дамытып қана қоймай, сондай-ақ ПДТ балалардың жалпы тұлғасының, қиялының, шығармашылық белсенділігінің дамуына көмектеседі. Сонымен қатар өлең айту мәдениетті тілде сөйлеуге, анық айтуға машықтандырады [3].

Педагог ән айтудың практикалық әдісін үйретуде (ауызша және көрнекі әдісті ұштастыра отырып) балаға дикция әдістерін, дұрыс тыныс алуды, дұрыс тыныс шығаруды үйретеді. Музыкалық оқыту мен тәрбиелеудің ролі мен маңызы, оның сабақ барысындағы барлық жұмыс формаларын бір қалыпқа шоғырландырады. Мысалы, ән айту, музыканың қыр-сырын анықтау, музыканы қабылдау, импровизация жасау, балаларға арнайы музыкалық ұрмалы аспаптарда ойнауды қамтиды. Әрине, әнді орындау мен оны зерттеу процесі белгілі бір жүйе мен реттілік арқасында жүзеге асады. Жас ерекшеліктеріне сәйкес олардың өзіне тән ән орындау шеберлігінің деңгейлері әртүрлі болады. Әнді үйрету сабақтары сәйкесінше вокалдық және хормен айту дағдыларына байланысты үйретіледі. Сондай – ақ вокалдық дағдыларға: дауысының орнығуы (аузының, басының, денесінің дұрыс

позицияда болуы), дем алуы, дыбыс шығаруы, артикуляциясы, дикциясы, интонациямен жұмысы кіреді. Хормен және вокалдық дағдылар бір-бірімен тығыз байланысты болып келеді. Педагогикалық музыкотерапияда ең ыңғайлы әдіс музыкалық ырғақ жаттығулары мен қозғалыстары болып табылады. Олар психикалық дамуы тежелген балаларға музыкалық образдарды, музыкалық қабілеттерді, музыкаға деген эмоционалды қарым – қатынасты, есту дағдыларын, ритмді қабылдауды, шығармашылық қабілеттерін дамытуды үйретеді. Музыкритмикалық жаттығулар мен қимыл-қозғалыстарды барынша нақты көрсету баланың оны тез әрі жеңіл үйренуіне ықпал етеді.

Музыкалық аспаптарда ойнай білу – педагогикалық музыкотерапияның басты түрлерінің бірі болып табылады. Психикалық дамуы тежелген балалармен ұрмалы аспаптарда жұмыс істеу музыкаға деген ынтызарлығын оята түседі. Олардың музыкалық қабілеттерін, сезімдерін, тембрлік ойлау қабілеттерін шарықтата түседі. Музыкалық аспаптарда ойнап, оны көрсету көптеген баланың мұғалімге деген еліктеушілік сезімдерін оятады.

Сонымен, музыкалық аспапта ойнау баланың үш негізгі музыкалық қабілетін аша түседі: сезімін, музыкалық есту қабілетін, ритмді түсінуін. Сондай-ақ, музыкалық аспапта ойнау психикалық дамуы тежелген балалардың өзіне ғана тән жеке дара қабілеттерін шығармашылық жағынан дамыта алады. Мұғалім әр түрлі әдістерді пайдалана отырып, балаларға музыкалық білімдер мен дағдыларды үйретеді. Педагогикалық музыкотерапияны психикалық дамуы тежелген балаларды сауықтыру және оңалту мақсатында қолдану тиімді болып табылады.

1. Шушарджан С.В. Руководство по музыка-терапии. - М.: Медицина, 2005.
2. Шушарджан С.В., Разумов А.Н. Методы музыкальной терапии: пособие для врачей. - М.: Изд-во РНЦВМ и КМЗ РФ, 2002.
3. Повалеева М.А., Справочник логопеда. Изд-во «Феникс», 2003.
4. Медведева Е.А., Левченко И.Ю., Комиссарова Л.Н., Добровольская Т.А. Артпедагогика и арттерапия в специальном образовании. - М., 2001.